

**БЕКІТЕМІН**

«Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы» КММ  
«Облыстық фтизиопульмонология  
орталығы» ШЖҚ КМК директоры  
Қ.В. Бижанов

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау  
басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Облыстық  
фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі-ОФПО) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін білдіреді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және ОФПО қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытында анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау болып табылады.

3. Стандарттың қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

4. Мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген тұлғалар лауазымдық өкілеттіктерін орындаған кезде саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және олардың органдарымен байланысты емес Қазақстан Республикасының заңнамалары талаптарын басшылыққа алады.

5. Мемлекеттік қызметшілерге теңестірілген тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы (соның ішінде еңбек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, мемлекеттік қызмет туралы) аясында әрекет етеді:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін іске асырған кезде мыналарды:

- ✓ азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қараған кезде азаматтардың құқықтарын мен бостандығына басымдылық, бюрократизм мен жөнсіздікке жол бермеуді;

- ✓ азаматтардың заңды құқықтарын іске асырудың ең қысқа мерзімі және заңды мүдделерін қамтамасыз етуді;
- ✓ мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттеріне және стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуді;
- ✓ қызмет алушыларға шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір кемсітушіліксіз бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

мыналарға:

- ✓ азаматтың өтінішін қарау мәселені объективті шешуге мүдделі емес екендігіне қатысты адамға жүктелген жағдайда;
- ✓ шағым берген адамға зиян келтіретін немесе оның мүддесіне қатысты шағым берілген жағдайға;
- ✓ өтініште іс-әрекетіне шағым түскен лауазымды адамдарға өтінішті жіберуге;
- ✓ адамның жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы туралы мәліметті оның келісімінсіз жария ету мүмкіндігіне;
- ✓ өтінішке қатысы жоқ азаматтың жеке басы туралы деректер белгілеуге жол бермеу.

2) өз құзыреті шегінде басқару және өзге де шешімдер дайындаған және қабылдаған кезде мыналарды:

- ✓ барлық құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құзыретін нақты шектеу және және оларды жұмыс істеуін келісуді;
- ✓ лауазымдық өкілеттіктерді орындауға қатынасы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен көрсетілімдерді шығаруға жол бермеуді;
- ✓ туыстық, жерлестік және жеке сенімділік қасиеттері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;
- ✓ меритократия принциптерін сақтауды;
- ✓ қабылданып жатқан шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- ✓ осы актіні қабылдау жөніндегі құзырет Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана нормативтік құқықтық актіні қабылдауды;
- ✓ азаматтардың құқықтарын іске асыру жөніндегі шешімнің жобасы келісілетін инстанциялардың ең аз санын қамтамасыз етеді.

4) күнделікті қызметте:

- ✓ қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына сенімін сақтайды және нығайтады;
- ✓ жалпы қабылданған моральдік-этикалық нормаларды сақтайды;

- ✓ мемлекеттік биліктің беделін қолдауды және Қазақстан Республикасының беделін түсіруге қабілетті және Мемлекеттік қызметтің мүдделеріне қайшы келетін іс-әрекеттерге жол бермеуді, оның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруды, мемлекеттік қызметшілер үшін заңнамада белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтауды қамтамасыз етеді;
- ✓ лауазымдық өкілеттіктерді және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу;
- ✓ оларға мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылар туралы басшылықты және (немесе) құқық қорғау органдарына дереу жеткізеді;
- ✓ мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындаған кезде жеке қызығушылықтарының туындауы, сыбайлас жемқорлық әдетіне және сыйлық алуға көндіру туралы тікелей немесе тура басшыға қажет болған жағдайда жеткізеді;
- ✓ әріптестерге және басшыға өзара қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын, қызметтік бейтарап шешім қабылдауға әсер ететін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тартады;
- ✓ қызметтік өкілеттіктерді орындауға байланысты сыйлық қабылдамайды және сыйламайды;
- ✓ мүліктік және мүліктік емес пайда және артықшылық алу не пайда түсіру мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбайды;
- ✓ тікелей туыстық қатынастағы (ата-анасы, жұбайы, іні, апа-қарындасы, балалары) адамдардың тікелей бағынысты немесе бақылауындағы лауазымдарға тағайындалудан бас тартады;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуға белсенділік танытады;
- ✓ орындауға алған өкімнің заңсыздығына күмәні туралы тікелей басшысына жазбаша түрде шұғыл хабарлайды;
- ✓ құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары мәдениетті сақтауды қолдайды;
- ✓ мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының және олардың салдарының туындау мүмкіндігінің себептері мен шарттарын жою жөніндегі шараларды тұрақты негізде қабылдайды;
- ✓ қызметтік тәртіп пен қызметтік намысты сақтайды;
- ✓ басшыға қатысты олардың лауазымдық мүмкіндіктері арқылы жеке сенімділік көрінісіне, пайда және артықшылық алуға тырысуға жол бермейді;
- ✓ өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікте болады.

## 6. Басшы:

- ✓ өзінің мінез-құлқымен бейтараптық, шындық, жеке тұлғаның намысына және адамгершілігіне құрмет көрсетудің үлгісін көрсетеді;
- ✓ басшылықты бірегей бөлу қызметі арқылы жүзеге асырады және қабылдаған шешімдерінің заңдылығы үшін дербес жауапты болады;
- ✓ лауазымдық өкілеттіктерден тыс тапсырмаларды орындауды қарамағындағылардан талап етпейді;
- ✓ қарамағындағы қызметкерлер қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделердің қақтығысын реттеу жөнінде түпкілікті шараларды уақтылы қабылдайды;
- ✓ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою жөнінде түпкілікті шараларды уақтылы қабылдайды;
- ✓ қарамағындағылармен құмар ойындарға қатысудан бас тартады;
- ✓ өзінің қарамағындағы қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жағдайы және олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауларына жол бермеу үшін дербес жауапты болады.